

ҚАЗАҚТЫҢ БҰЛБҰЛЫНЫҢ ҚЫЗЫ ЕДІК БІЗ...



«Гәккуі» бала кезімізден құлағымызға сіңген Күләш Байсейітованың қызы Раушан Байсейітова Абай атындағы опера-балет театрында ұзақ жылдар еңбек етті, белгілі балет бишісі, ұстаз. Ал Қарлығаш – әншінің ортаншы қызы. Байыптап қараған адамға Күләш апайға қатты ұқсайтын сияқты. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді дегендей, жас кезінде сұлу болғаны көрініп тұр.

Қарлығаш апай анасының мұражайын ашуды ойлап жүр екен. Әңгімеміз осы мұражай мәселесінен

басталды.

– *Күләш Байсейітованың мұражайының әлі күнге дейін болмауы ұят нәрсе екен. Сіз осы мәселені қырық жыл бойы айтып келеді екенсіз...*

– Алғаш рет осы мәселемен Димекеңе – Дінмұхамед Қонаевқа кіргенмін. Ол кісі менің анамды аса құрмет тұтқан адам еді. Бірақ неге екенін білмеймін, өтінішімді қабылдамады. Содан бері барлық премьер-министрлерге кіріп, анамның мұражайын ашу мәселесін қойып келемін. Алайда, менің сөзімді құптаған ешкім болмады. Қазақ бұлбұлының бірде-бір мұражайы жоқ! Кейінгі ұрпаққа өнеге, мақтан үшін арнайы бір орын керек қой. Осының соңында қырық жылдан бері жүргенім де рас.

Өткен жылдары біздер кезінде тұрған анамның ізі қалған, рухы сіңген үйді бұзады екен, оның орнына жаңа үй салады екен деген қауесетті естіп жаным шықты. Жүгіріп жүріп басшылардың есігін қайта қаға бастадым. Премьер-министрлердің ішінде маған жылы қабақ танытып, мәселенің байыбына барған Иманғали Тасмағамбетов қана «Бұрын неге келмегенсіз? Бұл шешілуі тиіс мәселе ғой» деп, мәселені шешуді қала әкіміне тапсырды. Бірақ, сол бәрібір шешімін таппады...

Ол үйде қазір бір бизнесмен отбасы тұрады екен, мені жолатпай қойды. Қайта-қайта сөйлесіп, түсіндіріп жүріп, оларды басқа пәтерге ауысуға келістіргендей болғанмын. «Баспанамызды еурожөндеуден өткіздік. Бізге аса қымбатқа түсті. Сондықтан, қаланың ортасынан жаңа пәтер берсе ғана келісеміз», – деген. Басшылар рұқсат берген кезде басқаша сөйлеп кетті. Енді 70 мың доллар ақша сұрап отыр. Кезінде Қонаев рұқсат еткенде, бұл мәселе баяғыда шешімін тапқан болар еді...

– *Әкімшілік қаржылай көмек бере алмаймыз дей ме?*

– Иә, жақында Алматы қалалық мәдениет басқармасының бастығы А. Бейсебаевадан хат алдым. Пәтер сатып алуға қала бюджетінде арнайы қаржы қарастырылмағанын жазыпты. К. Байсейітованың атында көшенің, колледждің барын айтып, жұбатыпты. Оны білемін. Бірақ, мұражайдың жөні бөлек емес пе?

– *Мұражайды басқа жерден ашса, болмай ма?*

– Анам өмірінің соңына дейін сол үйде тұрды. Ол үйде, сондай-ақ, Нәйла Базанова, Сызғанов, Дихан Әбілевтер тұрған. Біз солардың балаларымен бірге мектепке бардық. Анам мен әкемнің тату-тәтті, бақытты кездерінің куәсі ғой ол үй. Әкем анамды еркелетіп «Ләу» дейтін. Анам оны «Дәу» дейтін. Ойласам, бәрі еске түседі, кейде жылап та аламын.

Евгений Брусиловский біздің көрші болатын. Біздің үйге келіп, пианино ойнайтын, анам екеуі қосылып ән салатын. Евгения Павлова, Ольга Крыловецкаялармен бірге күнде дайындалатын. Анам барда әр күн мейрам сияқты еді. Үйден қонақ арылмайтын. Қонақ қашан келсін, мейлі, күн-түн демей, қабағын шытпай қарсы алатын.

Қойылымдар, әсіресе, премьералардан кейін барлық әртістер жиналып, арты той-думанға ұласып кететін. Қазақстанға келген шетелдік әртістердің бәрі де біздің үйге түсетін. Тамара ханым, Рашид Бейбутов, Халима Насырова, коньки тебуден әлем чемпионы Мари Исаковалар бізде қонақта болған. Бұлардан басқалары да көп. Рашид Бейбутов кейін, анам дүниеден өткен соң, бізді іздеп келіпті.

– *Анаңыз қажырлы жан болған ғой...*

– Иә. Оны кейін, есейген соң барып түсіндік. Қарап отырсам, сонда анам шаршамайды екен ғой. Театрда репетиция, одан кейін үйде, сосын гастроль... Үйдегі, театрдағы жұмыстарымен қатар қат-қабат қоғамдық мәселелерді шешетін. Ол кезде депутат еді ғой. Жеке шаруасымен келгендердің бірін қалдырмай қабылдайтын және шаруасын шешіп беретін. Бәріне үлгеретін, бізді де ұмыт қалдырмайтын.

Құралай екеумізді театрға алып баратын. Анам қатысатын қойылымдарда зал лық толушы еді.

– *Неңдей мінездерін ерекше еске аласыз?*

– Ең алдымен – мейірімділігін. Мектептен алып кетуге өзі келетін. Тәрбие сағатымызға, кештерге қатысатын. Ол келгенде мектепте де мейрам болушы еді. Балаларға кәмпит тарататын. Ән айтып беретін. Анам өте балажан еді. Есіктің алдында ойнап жүрген балаларға дейін оны жақсы көретін.

Бірде Катя есімді көрші қызды емірене құшақтап тұрғанын фотосуретші түсіріп алған. Кейін газеттерде басылып жүрген сол.

Мәскеуге кетерінің алдында, жүрегі бірдеңені сезді ме, Құралай екеуміздің формамызды кигізіп, шашымызға бантик тағып, фотосалонға апарып, бізбен бірге суретке түсті. Анам туралы айтсам, ол – бір таусылмайтын жыр. Гастрольден оралуы біз үшін үлкен мереке болатын. Гүл шоғымен күтіп алатынбыз. Бәрімізге сыйлық алып келеді. Таныстары, достары, көршілерге дейін ешкімді ұмыт қалдырмайды.

Әжеммен бірге шай ішіп отырып, әңгімесін айтады. Мен жандарында тыңдап отырамын. Тбилисидің опера театрында «Даисиды» қалай қойғандарын әңгімелеп бергені есімде. Грузияның әртісі – грузинше. Күләш Байсейітова қазақша айтқан. Әжеме: «Мен қалай болар екен деп қатты уайымдап едім, бәрі, әйтеуір, жақсы өтті», – деп жатты. Грузияның бір әртісі өз сұхбатында операдағы партиясын қазақша орындаған қызға ерекше тәнті болғандығын жеткізіпті.

– *Ол кезде сіздің жасыңыз нешеде?*

– 14-15 жастамын.

– *Ата-анаңыздың шаңырағы болған пәтер неге өздеріңізге қалмаған?*

– Анам қайтыс болғаннан кейін қатты қиналып кеттік. Раушан Мәскеуде оқып жүрді. Мен тұрмысқа шығып, баламен отырдым. Ол кезде үй сату жоқ, тек айырбастау керек. Біз төрт бөлмелі пәтерді екі бөлмелі екі пәтерге айырбастауға мәжбүр болдық.

– *Күләш Байсейітованың ұстаған заттары, партитура, жазбасызбалары, түйіп айтқанда, қалған мұрасы қазір қайда?*

– Киім-кешектері Орталық мұражайда. Суреттерінің көпшілігі өз есіміндегі колледжде. Құнды мүліктерінің көпшілігі халықтың қолында. Украинаға барған кезінде бір кісі ішінде бала бар кішкене сыйлық бөшке сыйға тартқан. Кезінде сол үйден ұрланып кетті.

Анам Моңғолияға барғанында сол кездегі ел басшысы шапан, бас киім, етік сыйлаған. Олар да біреудің қолында. Сыйлықтары көп болатын. Қазір әр жерде жүр. Өткенде теледидардан Павлодардағы бір кісінің ерекше дауыстар жазылған күйтабақтар мұражайы туралы айтылды. Сонда Күләш Байсейітованың әні жазылғаны да бар көрінеді. Егер мұражай ашылатын болса, ақпарат құралдары арқылы хабар таратып, жоғалған бұйымдары болсын, суреттері болсын, жинауға болар еді. Архивтерді де ақтарғым келеді. Бірақ, білмеймін, мұражай енді ашыла ма, жоқ па?..

«100 жылдық мерейтойында ашамыз» деген уәде бар. Оған дейін жетеміз бе, жоқ па? Арман-мақсатымның орындалғанын көріп кетсем деп едім. Мен қазір 63 жастамын. Раушан 55-те. Анамның сіңлісі – Тұрсын 73 жаста.

– *Атақты әншінің адами мінезі, болмысы туралы айтсаңыз.*

– Анам театрдан үйге телефон соғып, әжеме: «Ет асып қойшы, қонақтар келеді», – дейтін. Қойылым біткен соң, барлық әртістер үйге келетін. Әжем ет асып, дәмді бауырсақтар пісіріп, дастарқан әзірлейтін.

Әжемнің тағамдарын Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезовтер мақтаушы еді. Анама айтатынбыз: «Дұрыстап демалсаңшы, ертең қиын спектакльде ойнайсың», – деп. Мысалы, «Қыз Жібек» өте ауыр қойылым ғой. Анам тыңдамайтын. Шаршамай жұмыс істей беретін.

Денсаулығын онша ойламаушы еді. Дәрігерлер ол кісіге: «Емделу керек», – деп қанша шырылдаса да, тыңдамайтын. Біз отбасымызбен үйге қарама-қарсы тұрған емханаға тіркелгенбіз. Сол жолдың арғы бетіндегі емханаға қаралуға уақыты болмады.

Таңертең жуынатын суын әжем жылытып беретін. Анамның өзінің кішкене легені бар еді.

– *Күләш Байсейітованың дауысы – сирек, ешкімге ұқсамайтын дауыс. Ата-бабаларыңызда өнер адамдары болған ба?*

– Нағашы атамыз – Жасын әнші кісі болған деседі. Домбыра да тартқан. Кезінде Әсет, Балуан Шолақтармен бірге жүрген. Анамның ағасы Айтбек әнді жақсы айтқан, сырнай тартқан. Өткен ғасырдың 20-жылдарында Алматыда есімі белгілі, өнерімен де, ұйымдастырушылығымен де беделді азамат болған.

Атам ісмер етікші болған, күнкөрісі осы кәсібі екен. Атам да, әжем де өте қарапайым кісілер. Олардың үйі Алматыдағы бұрынғы Ташкент пен Коммунист көшелерінің қиылысында еді.

Анам жоғары білім алмаған. Ол кезде консерватория деген жоқ. Өзінің Алла тағала берген дарынымен танылған.

Ал біздің ішімізде Құралайдың дауысы жақсы еді. Ол музыкалық училищені тәмамдады. Раушан кәсіби деңгейдегі балет бишісі болды.

– *Спектакльге қалай дайындалатын еді?*

– Анам қойылымға ешқашан асығып-үсігіп бармайтын. Қойылым сағат жетіде басталатын болса, анам бесте баратын. Сахнаға мұқият дайындалатын, гримді өзі жасайтын.

Анамның туған сіңлісі Рая өте шебер кісі еді. Бас киімдерін сол кісі тігетін. Анам екеуі ақылдасып, әр қойылымға лайықтап тігеді. Өртүрлі моншақтармен әшекейлеп тіккен бас киімдерінің біразы Раушанда еді. Жоғалып кетті.

«Қыз Жібекті» ойнағанда киген болатын. Анам өте сұлу әйел ғой. Қыз Жібек болып сахнаға шыққанда одан сайын құлпырып кететін. Сахналық бас киімдерін анамнан кейін Роза Жаманова киген. Театрда киімдері сақталмапты. Орталық мұражайда күнделікті киген киімдері сақтаулы.

– Әкеңіз Қанабек Байсейітов те ұлттық өнердің көрнекті өкілі. Екі өнер адамының отбасылық өмірі де қызық шығар...

– Менің есімде қалғаны – ата-анамның бір-біріне деген ықыласы.

Бір-бірін өте жақсы көретін, сыйлайтын. Біз кішкентаймыз ғой, есіктің алдында ойнап жүреміз. Бір жолы үй жақтан сықылықтап күлген дауыстар шықты. Үйде қонақ жоқ еді ғой деп ойлап қоямын.

Шөлдеп кетіп, су ішейін деп жүгіріп үйге келсем, ешкім жоқ. Асханаға кірсем, екеуі бір-бірінің бетіне қарап, құшақтасып отыр. Күлкі солардікі екен. Мені көріп қысылып қалды.

«Кел, Қалке, кел», – деп, екеуі мені құшақтап отырды. Міне, осылайша жаңа қосылған қыз бен жігітше жүруші еді.

Бір-біріне ақыл-кеңес беріп: «Бізге жұрт қарайды, түзу жүріп, дұрыс сөйлеу керек», – деп отыратын. Әкем өте қарапайым кісі еді. Депутат болмаса да, жағдайын айтып, көмек сұрағандардан көмегін аяған емес. Әкемнің туғанына келесі жылдың 16 наурызында 100 жыл толады.

– *Ол анаңызға мерекелерде сыйлықтар сыйлаушы ма еді?*

– Әлдебір сыйлық жасағанын көрмеппін. Мүмкін, бізге көрсетпеген шығар. Әйтеуір, мейрам сайын балконға дастарқан жайылатын, бәріміздің басымыз қосылып жиналатынбыз. Жүзіміз жадыраңқы, рахаттана күліп отырушы едік.

Ал негізінен, сыйлық жасайтын да, киіндіретін де анам болатын.

Анам жаз сайын Құралай екеумізді гастрольге өзімен бірге алып жүретін. «Сендерді онсыз да сирек көремін», – дейтін.

Қалған мезгілдерде біз оқуда боламыз. Ал жазда Мәскеу, Ленинградқа барамыз. Анам жыл сайын Құрманғазы оркестрімен сол қалаларға гастрольге шығатын. Кішкентай кезімізде жаз айында отбасымызбен Сочидағы «Цюрупа» санаторийінде демалатынбыз. Әкем, шешем, Құралай – бәріміз пойызбен күліп-ойнап барушы едік. Қандай қызық та, ыстық, бақытты күндер десеңізші. Жақында сол санаторийге барып, балалық шағымды еске түсіріп қайттым. Аты бұрынғыша екен. Анам бұл өмірден кеткеннен кейін шуақты күндер, бақытты сәттер сап тыйылды.

– Ол кезде сіз нешеде едіңіз?

– 17 жаста. Мектепті аяқтап, мемлекеттік емтиханды төртке тапсырып, қуанып келе жатқанмын. Үйде ақын-жазушылар қаптап жүр. «Анам әлі Мәскеуден келген жоқ еді ғой», – деп ойладым. Үйге кіргеннен кейін қайғылы хабарды естіртті. Не болғанымды білмей қалдым, жүрегім тоқтап қалған сияқты. Есімді жисам, ауруханада жатырмын. Әкем қатты қайғырды. Қалай жылағаны әлі есімнен кетпейді. Біздің отбасымыздың қызық-қуанышы анаммен бірге кеткендей еді... Көп ұзамай, екі жылдан кейін, 1959 жылы, Рая тәте қайтыс болды. 1964 жылы әжем өмірден өтті. Менің өмірім де күрт өзгерді. Ағылшын тілінің маманы болуды армандап, оқуға дайындалып жүргенмін. Анам дүние салған соң, ол арманыммен қоштасуға тура келді. Жағдай жоқ, мектеп бітірген соң сатушы болдым. 23 жасымда бір қырғыз жігітке тұрмысқа шықтым. Өте ерке өскендіктен бе, оның қысымына шыдамадым. Ләйлә атты қызыммен әжемнің қолына қайта келдім. Көп ұзамай «Жазушы» баспасына кіші редакторлыққа жұмысқа тұрдым. Сонда Нүркенже Хасенов есімді азаматпен танысып, бас қостық. Ақын жігіт, мақтаулы жігіт, адамгершілігі жоғары. Жақсы жарасып кеттік. Заңғар есімді ұл сүйдік, қазір Ләйлә да, Заңғар да үлкен азамат.

Ана құрсағынан үшеу едік. Төртіншіміз – Раушан. Үлкеніміз – Құралай. Тағдыры қиындау болды. Он сегізге толғанда орыс жігітке ғашық болып, сонымен тұрмыс құрмаққа ниеттенді. Анам рұқсат бермеді. Ұлты өзге болғаны үшін. Содан отырып қалды. 36 жасында дүние салды. Мінезі жақсы, өзі сұлу еді.

Сіңлім Қаршыға ерке қыз еді. Балабақшада жүргенінде, 5 жасында тамақтан уланды. Бұл біздің отбасы үшін өте қайғылы жағдай болды. Анам жылай беретін. Денсаулығы да содан бастап нашарлады.

Раушан болса, 9 жасынан бастап Мәскеуде хореографиялық училищеде оқыды. Үйге жазда ғана келетін. Жағдайымыз қанша қиын болса да, оқуды тастама деген әжеміз еді. Ол оқуын бітіріп келіп, анамыз қызмет еткен опера-балет театрына орналасты. Сол жерден өсті, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазір шәкірттер дайындайды.

Жұбайы – белгілі өнер қайраткері Базарғали Жаманбаев. Бүгінде немере сүйіп отыр.

Анамның туысқан сіңлісі Тұрсын Бейісова 5 жасынан бастап әжемнің қолында тәрбиеленді. Біздің үйден ұзатылды. Қазір зейнеткер, жасы 73-те. Екі ұл, бір қызы бар.

Көңіліңде «әкелеріңіз барда неге сонша қиындық көрдіңіздер?» – деген сауал тұрған шығар. Әкем анам дүние салған соң, бір жылдан кейін ұйғыр қызға үйленіп кетті. Аруағы кешірсін мені, жұрт білетін жайды жасыратын несі бар, бізге онша қарайласқан жоқ.

Әкемізді іздеп барып тұратынбыз, бірақ өгей шешеміз жақтырмайтын.

*– Қазір ағайындарыңызбен араласып тұрасыздар ма?*

– Иә. Әкемнің туыстары Талдықорғанда тұрады. Барып тұрамын. Олар да жақсы қарсы алады. Ешкімге өкпем жоқ. Алла тағала берген тағдырды әрқайсысымыз да кешіп келеміз.

Тек халық бұлбұлы, мақтаны Күләштей тұлғаның мұражайын ашудың осынша жырға айналғаны, жыл өткен сайын мәселенің қиындап бара жатқаны ғана қинайды.

*«Алтын Орда». – 2004, 26 наурыз, 01 сәуір*